

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 216 шешімі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін осы Шешім күшіне енген күннен бастап 9 ай ішінде қолданысқа енгізу рәсімінің орындалуын қамтамасыз ету сұралсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 216 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленген:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2016 жылғы 20 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасындағы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу туралы келісім (бұдан әрі – Келісім);

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың тізбесіне қосылған жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытындының (рұқсат құжатының) бірыңғай нысаны және оны толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар туралы" 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ортақ процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру

кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара сауданы жүзеге асыруы кезінде озонды бұзатын заттарды және құрамында солардың өнімдері бар заттарды тасымалдау және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы 2015 жылғы 29 мамырдағы келісімге және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасындағы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу туралы 2016 жылғы 20 мамырдағы келісімге сәйкес қолданылатын рұқсат ету құжатының бірыңғай нысаны туралы" 2017 жылғы 27 қарашадағы № 162 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесі (бұдан әрі – ортақ процесс) шеңберінде

орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы ортақ процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Ортақ процеске қатысушылар осы Қағидаларды ортақ процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ ортақ процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"ортақ процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" – ақпараттық объектінің тіршілік циклінің белгілі бір сатысында оны сипаттайтын, ортақ процесс операцияларын орындаған кезде өзгертін қасиеті.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "ішкі транзит", "өткізу", "рұқсат құжаты документ" және "қызметтік және (немесе) азаматтық қару" деген ұғымдар Келісімде айқындалған мағыналарда қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "ортақ процесс рәсімдерінің тобы", "ортақ процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "ортақ процесс операциясы", "ортақ процесс рәсімі" және "ортақ процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

IV. Ортақ процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Ортақ процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету".

6. Ортақ процестің кодтық белгіленімі: P.LL.01, нұсқа 1.0.0.

1. Ортақ процестің мақсаты мен міндеттері

7. Ортақ процестің мақсаты Одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) құзыретті органдары арасында ақпараттық өзара іс-қимыл механизмін іске асыру болып табылады.

8. Ортақ процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мына міндеттерді шешу қажет:

а) Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған жүйесін (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) пайдалана отырып, мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арасында қызметтік және азаматтық қарудың өткізілуі мен оның ішкі транзитін бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді автоматтандырылған түрде алмасуды қамтамасыз ету;

б) интеграцияланған жүйе деректерінің ортақ моделін пайдалану негізінде түзілген электронды құжаттар мен мәліметтердің біріздендірілген құрылымдарын қолдануды қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесін пайдалануын қамтамасыз ету.

2. Ортақ процеске қатысушылар

9. Ортақ процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Ортақ процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.01.ACT.001	мәліметтерді беретін құзыретті орган	мүше мемлекеттің рұқсат құжаттарын беруге жауапты атқарушы билік органы; берілген (күші жойылған) рұқсат құжаттары туралы, соның ішінде сұрату бойынша және есепті кезеңдегі мәліметтерді қалыптастырады және мәліметтерді қабылдайтын құзыретті органдарға береді
P.LL.01.ACT.002	мәліметтерді қабылдайтын құзыретті орган	мүше мемлекеттің рұқсат құжаттарын беруге жауапты атқарушы билік органы; берілген (күші жойылған) рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады
P.LL.01.ACT.003	мәліметтерді сұрататын құзыретті орган	мүше мемлекеттің рұқсат құжаттарын беруге жауапты атқарушы билік органы; берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді сұратады
P.LL.01.ACT.004	өтініш беруші	заңды тұлға немесе жеке тұлға, соның ішінде дара кәсіпкер ретінде тіркелген, мүше мемлекеттің құзыретті органына

3. Ортақ процестің құрылымы

10. Ортақ процесс мына рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

- а) берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру;
- б) күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру;
- в) есепті кезеңде берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру;
- г) берілген рұқсат құжаты туралы сұрату бойынша мәліметтер беру;
- д) рұқсат құжатын алуға өтініш беру.

11. Ортақ процесс рәсімдерін орындаған кезде мүше мемлекеттердің құзыретті органдары берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді есепке алу мен сақтауға арналған ұлттық ақпараттық ресурстарды жүргізуді қамтамасыз етеді және басқа мүше мемлекеттердің құзыретті органдарына ұлттық ақпараттық ресурстардан мәліметтер береді.

Мәліметтерді беретін құзыретті орган мәліметтерді алатын құзыретті органға берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтерді береді. Бұл ретте "Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.001) рәсімі орындалады.

Бұрын берілген рұқсат құжатының күші жойылған кезде мәліметтерді беретін құзыретті орган мәліметтерді алатын құзыретті органға күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді береді. Бұл ретте "Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.002) рәсімі орындалады.

Мәліметтерді беретін құзыретті орган мәліметтерді алатын құзыретті органға есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді береді. Бұл ретте "Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.003) рәсімі орындалады.

Берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер алу қажеттігі туындаған кезде мәліметтерді сұрататын құзыретті орган мәліметтерді беретін құзыретті органға берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беруге сұрату жібереді. Бұл ретте "Берілген рұқсат құжаттары туралы сұрату бойынша мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.004) рәсімі орындалады.


Мәліметтерді беретін құзыретті орган өтініш берушіден рұқсат құжатын алу үшін мәліметтер алған кезде "Рұқсат құжатын алуға өтініш беру" (P.LL.01.PRC.005) рәсімі орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді беру Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 216 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін

Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 216 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес болуға тиіс.

12. Ортақ процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Ортақ процесінің құрылымы

13. Ортақ процесс операцияларының мұқият сипаттамасын қоса алғанда, өзінің мақсаты бойынша топтастырылған ортақ процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Бөлімде ортақ процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдалана отырып жасалды және мәтіндік сипаттамамен жабдықталды.

4. Ортақ процесс рәсімдері

15. Ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.01.PRC.001	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру	рәсім мәліметтерді беретін құзыретті органның мәліметтерді алатын құзыретті органға берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беруіне арналған
P.LL.01.PRC.002	күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру	рәсім мәліметтерді беретін құзыретті органның мәліметтерді алатын құзыретті органға күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беруіне арналған
P.LL.01.PRC.003	есепті кезеңде берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру	рәсім мәліметтерді беретін құзыретті органның мәліметтерді алатын құзыретті органға есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беруіне арналған
P.LL.01.PRC.004	берілген рұқсат құжаттары туралы сұрату бойынша мәліметтер беру	рәсім мәліметтерді беретін құзыретті органның мәліметтерді сұрататын құзыретті органның сұратуы бойынша берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беруіне арналған
P.LL.01.PRC.005	рұқсат құжатын алуға өтініш беру	рәсім өтініш берушінің мүше мемлекеттің құзыретті органына рұқсат құжатын алуға өтініш беруіне арналған

V. Ортақ процестің ақпараттық объектілері

16. Олар туралы мәліметтер немесе олардан алынатын мәліметтер ортақ процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесіне берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Ақпараттық объектілер тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.01.BEN.001	рұқсат құжаты туралы мәліметтер	берілген немесе күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қамтиды

VI. Ортақ процеске қатысушылардың жауаптылығы

17. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлері мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

VII. Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

18. Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі


Кодтық белгіленім	Атауы	Тип	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	әлем елдерінің атаулары мен оларға тиісті кодтардың тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.002	валюталар сыныптауышы	сыныптауыш	валюталардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)

P.CLS.003	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН)	сыныптауыш	Дүниежүзілік сауда ұйымының тауарларды кодтау мен сипаттаудың үндестірілген жүйесінің және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген тауарлардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.023	өлшем бірліктерінің сыныптауышы	сыныптауыш	өлшем бірліктері кодтарының, шартты белгілері мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	тілдердің атауларының тізбесін және олардың кодтарын қамтиды (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.051	жеке басты куәландыратыны құжаттар түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	жеке басты куәландыратыны құжаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 53 шешіміне сәйкес қолданылады)

VIII. Ортақ процесс рәсімдері

"Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.001) рәсімі

19. "Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 2-суретте берілген.



2-сурет. "Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

20. "Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.001) рәсімі рұқсат құжаты берілген кезде орындалады.

21. Алдымен "Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша мәліметтерді беретін құзыретті орган берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қалыптастырады және мәліметтерді алатын құзыретті органға береді.

22. Мәліметтерді қабылдайтын құзыретті орган берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтерді алған кезде "Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.LL.01.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша көрсетілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады. Мәліметтерді беретін құзыретті органға берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жіберіледі.

23. Мәліметтерді беретін құзыретті орган берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алған кезде "Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу" (P.LL.01.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

24. Мәліметтерді беретін құзыретті органның берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алуы "Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.001) операциясын орындаудың нәтижесі болып табылады.

25. "Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі 5-кестеде келтірілген

5-кесте

"Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.01.OPR.001	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру	осы Қағидалардың 6-кестесінде келтірілген
P.LL.01.OPR.002	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.LL.01.OPR.003	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген

6-кесте

"Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.001) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.001
2	Операцияның атауы	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру
3	Орындаушы	мәліметтерді беретін құзыретті орган
4	Орындау шарттары	рұқсат құжатын берген кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді алатын құзыретті органға береді
7	Нәтижелер	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер мәліметтерді алатын құзыретті органға берілді

7-кесте

"Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.LL.01.OPR.002)**операциясының сипаттамасы**

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.002
2	Операцияның атауы	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мәліметтерді қабылдайтын құзыретті орган
4	Орындау шарттары	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтерді орындаушы алған кезде орындалады ("Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады және мәліметтерді беретін құзыретті органға берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жібереді
7	Нәтижелер	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер өңделді, берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама мәліметтерді беретін құзыретті органға жіберілді

8-кесте


"Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу" (P.LL.01.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.003

2	Операцияның атауы	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мәліметтерді беретін құзыретті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.LL.01.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама өңделді

"Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.002) рәсімі

26. "Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 3-суретте келтірілген.



3-сурет. "Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

27. "Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.002) рәсімі бұрын берілген рұқсат құжатының күші жойылған кезде орындалады.

28. Алдымен "Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша мәліметтерді беретін құзыретті орган күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қалыптастырады және мәліметтерді алатын құзыретті органға береді.

29. Мәліметтерді қабылдайтын құзыретті орган күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді алған кезде "Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.LL.01.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша көрсетілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады. Мәліметтерді беретін құзыретті органға күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жіберіледі.

30. Мәліметтерді беретін құзыретті орган күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алған кезде "Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу" (P.LL.01.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

31. Мәліметтерді беретін құзыретті органның күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алуы "Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.002) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

32. "Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі 9-кестеде келтірілген.

9-кесте

"Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.002) рәсімінің шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.01.OPR.004	күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.LL.01.OPR.005	күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
P.LL.01.OPR.006	күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген

10-кесте

"Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.004) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.004
2	Операцияның атауы	күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру
3	Орындаушы	мәліметтерді беретін құзыретті орган
4	Орындау шарттары	рұқсат құжаты туралы мәліметтердің күші жойылған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді алатын құзыретті органға береді
7	Нәтижелер	мәліметтерді алатын құзыретті органға күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер берілді

11-кесте

"Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.LL.01.OPR.005) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.005
2	Операцияның атауы	күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мәліметтерді қабылдайтын құзыретті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Күші жойылған

		рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.004) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады және мәліметтерді беретін құзыретті органға күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жібереді
7	Нәтижелер	күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтер өңделді, күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама мәліметтерді беретін құзыретті органға жіберілді

12-кесте


"Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу" (P.LL.01.OPR.006) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.006
2	Операцияның атауы	күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мәліметтерді беретін құзыретті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу " (P.LL.01.OPR.005) операциясы)

5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	күші жойылған рұқсат құжаты туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама өңделді

"Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.003) рәсімі

33. "Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 4-суретте келтірілген.



4-сурет. "Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

34. "Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.003) рәсімі есепті кезең басталғанда орындалады (тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-ші күшінен кешіктірілмей).

35. Алдымен "Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша мәліметтерді беретін құзыретті орган есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қалыптастырады және мәліметтерді алатын құзыретті органға береді.

36. Мәліметтерді қабылдайтын құзыретті орган есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді алған кезде "Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.LL.01.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша көрсетілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады. Мәліметтерді беретін құзыретті органға есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жіберіледі.

37. Мәліметтерді беретін құзыретті орган есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алған кезде "Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу" (P.LL.01.OPR.009) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

38. Мәліметтерді беретін құзыретті органның есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алуы "Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.003) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

39. "Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі 13-кестеде келтірілген.

13-кесте

"Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.003) рәсімінің шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.01.OPR.007	есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беру	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.LL.01.OPR.008	есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.LL.01.OPR.009	есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген

14-кесте

"Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.007) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.007

2	Операцияның атауы	есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беру
3	Орындаушы	мәліметтерді беретін құзыретті орган
4	Орындау шарттары	кезең басталғанда орындалады (тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-ші күшінен кешіктірілмей)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді алатын құзыретті органға береді
7	Нәтижелер	мәліметтерді алатын құзыретті органға есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер берілді

15-кесте

"Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.LL.01.OPR.008) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.008
2	Операцияның атауы	есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мәліметтерді қабылдайтын құзыретті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.007) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (

		мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады және мәліметтерді беретін құзыретті органға есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жібереді
7	Нәтижелер	есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер өңделді, мәліметтерді беретін құзыретті органға есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жіберілді

16-кесте


"Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу" (P.LL.01.OPR.009) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.009
2	Операцияның атауы	есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мәліметтерді беретін құзыретті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қабылдау және өндеу " (P.LL.01.OPR.008) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады

7	Нәтижелер	есепті кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама өңделді
---	-----------	--

"Берілген рұқсат құжаттары туралы сұрату бойынша мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.004) рәсімі

40. "Берілген рұқсат құжаттары туралы сұрату бойынша мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.004) рәсімін орындау схемасы 5-суретте келтірілген.



5-сурет. "Берілген рұқсат құжаттары туралы сұрату бойынша мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.004) рәсімін орындау схемасы

41. "Берілген рұқсат құжаттары туралы сұрату бойынша мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.004) рәсімі берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер алу мақсатында орындалады.

42. Алдымен "Берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер сұрату" (P.LL.01.OPR.010) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша мәліметтерді сұрататын құзыретті орган берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беруге сұрату қалыптастырады және мәліметтерді беретін құзыретті органға жібереді. Белгіленген параметрлерге байланысты сұратудың төрт түрін қалыптастыруға болады:

а) рұқсат құжатын алған заңды тұлға (дара кәсіпкер) бойынша берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беруге сұрату;

б) рұқсат құжатын алған жеке тұлға бойынша берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беруге сұрату;

в) рұқсат құжатының нөмірі бойынша берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беруге сұрату;

г) белгілі бір кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беруге сұрату.

43. Мәліметтерді беретін құзыретті орган берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер беруге сұрату алған кезде "Берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.011) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер қалыптастырылады және мәліметтерді сұрататын құзыретті органға беріледі немесе сұратудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама жіберіледі.

44. Мәліметтерді сұрататын құзыретті орган берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді не сұратудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны алған кезде "Берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.LL.01.OPR.012) операциясы орындалады.

45. Мәліметтерді сұрататын құзыретті органның берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер немесе сұратудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама алуы "Берілген рұқсат құжаттары туралы сұрату бойынша мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.004) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

46. "Берілген рұқсат құжаттары туралы сұрату бойынша мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.004) рәсімінің шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде келтірілген.

17-кесте

"Берілген рұқсат құжаттары туралы сұрату бойынша мәліметтер беру" (P.LL.01.PRC.004) рәсімінің шеңберінде орындалатын ортақ процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.01.OPR.010	берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер сұрату	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.LL.01.OPR.011	берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беру	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.LL.01.OPR.012	берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген

18-кесте

"Берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер сұрату" (P.LL.01.OPR.010) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.010

2	Операцияның атауы	берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер сұрату
3	Орындаушы	мәліметтерді сұрататын құзыретті орган
4	Орындау шарттары	берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер алу қажеттігі туындаған кезде орындалады
5	Шектеулер	мәліметтерді сұратудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	<p>орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді беруге сұрату қалыптастырады және мәліметтерді беретін құзыретті органға жібереді.</p> <p>Заңды тұлға бойынша не дара кәсіпкер бойынша берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер алу қажеттігі туындаған кезде хабарда заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) тіркеу нөмірі толтырылуға тиіс.</p> <p>Жеке тұлға бойынша берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер алу қажеттігі туындаған кезде хабарда жеке тұлғаның аты мен тегі толтырылуға тиіс. Рұқсат құжатының нөмірі бойынша берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер алу қажеттігі туындаған кезде хабарда рұқсат құжатының нөмірі көрсетілуге тиіс. Кезеңде берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер алу қажеттігі туындаған кезде хабарда берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер берілуі қажет уақыт кезеңі көрсетілуге тиіс.</p>
7	Нәтижелер	берілген рұқсат құжаттары туралы сұрату мәліметтерді беретін құзыретті органға жіберілді

19-кесте

"Берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.011) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы

1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.011
2	Операцияның атауы	берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беру
3	Орындаушы	мәліметтерді беретін құзыретті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беруге сұрату алған кезде орындалады ("Берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер сұрату" (P.LL.01.OPR.010) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұратуды қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады, берілген рұқсат құжаттары туралы сұратудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтерді не сұратудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны қалыптастырады және мәліметтерді сұрататын құзыретті органға жібереді. Егер сұратуда көрсетілген кезеңде 100-ден астам рұқсат құжаты берілсе, жауапта соңғы берілген 100 рұқсат құжаты туралы мәліметтер беріледі
7	Нәтижелер	берілген рұқсат құжаты туралы мәліметтер немесе сұратудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама мәліметтерді сұрататын құзыретті органға берілді

20-кесте

"Берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.LL.01.OPR.012) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.LL.01.OPR.012

2	Операцияның атауы	берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мәліметтерді сұрататын құзыретті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді немесе сұратудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер беру" (P.LL.01.OPR.011) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтерді не сұратудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны алады және оларды өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	берілген рұқсат құжаттары туралы мәліметтер не сұратудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама өңделді

IX. Штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі

47. Ортақ процесс рәсімдерін орындау кезінде айрықша жағдайлар орын алып, онда деректерді өңдеу әдеттегі режимде жүргізіле алмауы мүмкін. Бұл техникалық іркілістер, құрылымдық және форматтық-логикалық бақылау қателіктері туындаған кезде және өзге жағдайларда орын алуы мүмкін.

48. Құрылымдық және форматтық-логикалық бақылау қателіктері туындаған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оған қатысты қателік туралы хабарлама алынған хабардың Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және электрондық құжаттар мен мәліметтерді толтыруға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады. Мәліметтердің көрсетілген құжаттар талаптарына сәйкес

келмейтіні анықталған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы анықталған қателікті жою үшін белгіленген тәртіппен қажетті шаралар қабылдайды.

49. Штаттан тыс жағдайларды шешу мақсатында мүше мемлекеттер бір-біріне және Комиссияға мүше мемлекеттердің құзыретіне осы Қағидаларда көзделген талаптарды орындау жататын уәкілетті органдары туралы ақпарат береді, сондай-ақ ортақ процесті іске асыру кезінде техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге жауапты адамдар туралы мәліметтер ұсынады.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 216 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл РЕГЛАМЕНТІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Регламент Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленген:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2016 жылғы 20 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасындағы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу туралы келісім;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың тізбесіне қосылған жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытындының (рұқсат құжатының) бірыңғай нысаны және оны толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар туралы" 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ортақ процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия

Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара сауданы жүзеге асыруы кезінде озонды бұзатын заттарды және құрамында солардың өнімдері бар заттарды тасымалдау және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы 2015 жылғы 29 мамырдағы келісімге және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасындағы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу туралы 2016 жылғы 20 мамырдағы келісімге сәйкес қолданылатын рұқсат ету құжатының бірыңғай нысаны туралы" 2017 жылғы 27 қарашадағы № 162 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Регламент "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қызметтік және азаматтық қаруды өткізу және оның ішкі транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" ортақ процесі (бұдан әрі – ортақ процесс) транзакцияларын орындау тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ оларды орындау кезінде өздерінің рөлдерін ортақ процеске қатысушылардың бірізді қолдануын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

3. Осы Регламент ортақ процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды іске асыруға тікелей бағытталған ортақ процесс операцияларын орындау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

4. Осы Регламентті ортақ процеске қатысушылар ортақ процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ ортақ процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

5. Осы Регламенттің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – ортақ процеске белгілі бір қатысушыға белгілі бір іс-қимылдарды орындауға құқықтар беру;

"электрондық құжат (мәліметтер) деректемесі" – белгілі бір контексте бөлінбейді деп саналатын электрондық құжат (мәліметтер) деректерінің бірлігі.

Осы Регламентте пайдаланылатын "бастамашы", "бастамашылық операция", "кабылдаушы операция", "респондент", "ортақ процесс хабары" және "ортақ процесс транзакциясы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

